

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 ақпандағы N 145 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 17 қазан N 1335.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен. ~P020331

"Әуе қатынасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Австрия Федералдық Үкіметінің арасындағы Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2442 U952442_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының валюта нарығын ретке келтіру мен дамыту жөнінде 1995 жылғы арналған шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 9 қаңтардағы N 2013 Жарлығын жүзеге асыру туралы " Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 ақпандағы N 145 P950145_ қаулысымен бекітілген әуежайдың, теңіз айлақтарының транзиттік аймақтарында, теміржол, автомобиль және әуе көліктерінде қолдағы шетел валютасына тауарлар сатуға (жұмыс, қызмет көрсетуге) құқық берілген кәсіпорындар мен ұйымдар тізбесіне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 6, 68-бап) мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақтың бірінші абзацы "Азамат" сөзінен кейін "Орталық Азия туристік корпорациясы" сөздерімен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі